

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2025

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 27.06.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 27.06.2025 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhana L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.06.2025 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

АБЖАМАЛОВА Ж.Е. САҒИДОЛДА Г.	Қазақ және өзбек тілдеріндегі заттық-тұрмыстық лексиканың семантикалық салыстырмалы талдауы	7
АХМЕТОВА Б.З., ТЛЕУЛЕСОВА А.Ш., ЖАЕВА Р.Р.	Производные имена как отражение языкового сознания в высказываниях на территории северного Казахстана	14
АХТАЕВА Н., СҮЛЕЙМЕНОВА Ә., САРЫБАЕВА Б.	Контекстік синоним парадигмасы	22
ӘДІЛОВ М.Е., ЕКИЖИМ., ЖИЕМБАЙ Б.С.	Алакөл атауының этимологиясы: жаңаша көзқарастар мен топонимдік талдау аспектілері	31
БАТЫРБЕКОВА К.А., АЛИМБАЕВ М.Е., МЕДЕТБЕКОВА Н.Н.	Lexico-semantic character of somatic names occurring in the written monument «Baytaratu'l-Vazih»	42
ИСЛАМА., БЕІСЕБАҮЕВА А., САРЕКЕНОВА Қ.Қ., ОСЕРОВ Б.М.	Comparative analysis of political and diplomatic discourse М. Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегі және терминология мәселесі	51 60
ПАШАН Д.М., ХАБИЕВА А.А., ЕЛУБАЙ Ә.М.	«Нарғыз» антропонимінің семантикасы, орфографиялық нормасы және қолданылу жиілігі	67
ТӨКЕНҚЫЗЫ Г., ОМАРОВА С.Қ., КАДИРХАН А.К.	Қазіргі телебағдарламалар тілі (қазақ тілі ұлттық корпусының кіші корпустары негізінде)	78

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АНАНЬЕВА С.В., ИБРАЕВА Ж.Б., ЖУМСАКБАЕВ А.Т.	Динамические и статические мотивы в повествовательной структуре романа Ильяс Есенберлина «Влюбленные»	91
ЖӨЛЕЛОВА М.С., АРСЛАН М.	Қалқаман Сарин поэзиясындағы ауылға сағыныш: поэзиядағы көркемдік өрнектер («Арқаттағы біздің үй» өлеңінің негізінде)	102
КАЖЫТАЙ Б.К.	Асқар Алтайдың «Туажат» романындағы оксюморондық бейнелеу тәсілі	111
ҚАДЫЛ Т.	Мағаз Разданұлы поэзиясындағы философиялық тереңдік	120

НҰРМАХАНОВА М.Қ., МҰСАЛЫ Л.Ж., СОВЕТОВА З.С.	Белгілі сыншы Қалжан Нұрмахановтың бағалауындағы қазақ-украин әдеби байланыстары	131
СЕРАЛИМОВА С.А., БЕЙСЕНОВА Ж.С	Культурные коды в художественном переводе	140
ТЛЕУБЕКОВА Б.Т., ИБРАЕВА А.Д., ҚИАРЫСТАНОВА Г.Қ.	Көркемдік әдістің әдеби ағымдары мен бағыттары	151

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И
ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

ИСЕНОВА Ф.К., КАУДЫРОВА А.О., ДҮКЕМБАЙ Г.Н.	Роль рефлексии в формировании языковой личности студентов	162
ЖУМАДИЛОВА М.Н. БЕРКЕНОВА Р.А.	Өзге тілді студенттердің жазу дағдысын қалыптастырудың линводидактикалық әдістеме негіздері	173

М.Қ. НҰРМАХАНОВА¹ Л.Ж. МҰСАЛЫ² *З.С. СОВЕТОВА³ 

Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті,
Алматы, Қазақстан^{1,3}

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан²
(e-mail: nurmaxanova.marzhan@mail.ru¹, mj_laila@mail.ru², zaure.sovetova@mail.ru³)

БЕЛГІЛІ СЫНШЫ ҚАЛЖАН НҰРМАХАНОВТЫҢ БАҒАЛАУЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-УКРАИН ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Аңдатпа. Мақалада белгілі сыншы, драматург, аудармашы Қалжан Нұрмахановтың әдеби қызметі қарастырылған. Ол өз теориялық және эстетикалық ізденістерін қоғамның әлеуметтік қажеттіліктеріне сай шебер үйлестіре білген. Қалжан Нұрмаханов қазақ әдебиетінің украин жазушыларының шығармашылығына әсері мен олардың арасындағы өзара байланыстар туралы көп жазған. Қазақ және украин әдебиеттерінің өзара байланысы мен дамуы үдерісін қарастырып, бүкілодақтық аренада украин әдебиетінің озық үлгілерін насихаттаған.

Сыншы әрі әдебиеттанушы ретінде Қалжан Нұрмахановтың негізгі ерекшелігі – әдебиеттегі өзекті мәселелерді талдау кезінде тарих пен қазіргі заманның бірлігін сақтауында. Ол қазіргі әдеби үдерістерді тек бірегей түрде емес, қазақ және украин мәдениеттерінің өзара ықпалы мен жетістіктері арқылы қарастырған. Сыни пікірлер, өмірбаяндық очерктер және әдеби портреттер арқылы украин жазушыларының шығармашылық даму жолын терең зерттеп, оның логикалық негіздерін ашуға ұмтылған.

Мақалада филология ғылымының өзекті саласы ретінде салыстырмалы әдебиеттануға қысқаша талдау жасалған. Бұл сала қазақ әдебиетіне дүниежүзілік әдебиет аясында өз орнын нақтылап, халықаралық беделін нығайтуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: қазақ және украин әдебиеттерінің өзара ықпалы, өзара байланысы, сыни пікір, көркем әдеби үдеріс, салыстырмалы әдебиеттану, әлем әдебиеті.

Кіріспе. Мәдени, соның ішінде әдеби құндылықтарды зерттеу мәселесі халықтар арасындағы тығыз ынтымақтастықтың бір немесе бірнеше саласында жүзеге асатын жаңа интеграция кезеңдерінде ерекше маңызға ие болады. Бұл ғасырлар бойы қалыптасқан, қазіргі заман үшін де қызығушылық тудыратын тұтас тарихи құбылыстың ажырамас бөлігі ретінде әдебиеттегі өзара ықпалдастық пен байланыс мәселелері тұрғысынан зерттеудің өзектілігін айқындайды [1].

Қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен және басқа да халықтардың әдебиеттері арасындағы байланыстар аймақтық жақындық, тіл, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың ұқсастығымен түсіндіріледі. Дегенмен де бір әдебиеттің басқа мәдениеттің тәжірибесін қабылдауы ғасырлар бойы біркелкі болмаған, көбінесе әлеуметтік-саяси себептерге байланысты үзіліп отырған.

Әдебиеттердің өзара әрекеттестігі мен байланысы революциядан кейінгі кезеңде аймақтық бірігу және азиялық бауырлас халықтардың тығыз қарым-қатынасы арқылы

күшейе түсті. Бұл байланыстар көпұлтты елдің ортақ мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруға бағытталды. Ұлттық әдебиеттердің өзара тәжірибе алмасуы олардың дамуына, сондай-ақ әрқайсысының кемелденген көпжанрлы әдебиетке айналуына септігін тигізді [2].

Көркем аударма – салыстырмалы әдебиеттанудың қалыптасқан бағыттарының бірі. Компаративистердің пайымдауынша, «Аударма – мәтінді бір мәдениеттен екінші мәдениетке, бір әдеби жүйеден келесі әдеби жүйеге бейімдеу, оны жаңа контексте жаңғырту үдерісі» [3].

Көркем аударма – ұлттық мәдениеттердің өзара ықпалдасуы мен байланысындағы басты тетіктердің бірі. Аударма әдебиеті ұлттық әдебиеттің маңызды құрамдас бөлігі саналады әрі мәдениеттің дамуы мен толығуына оң әсерін тигізеді. Қазіргі аударматану ғылымының өркендеуі аударма шығармасына қойылатын талаптарды күшейтіп, оның тек дәлдігіне ғана емес, эстетикалық сәйкестігіне де баса назар аударуға мүмкіндік береді [4].

Бүгінде салыстырмалы әдебиеттанудың негізгі мектептерінде әдеби байланыстар мен түрлі әдеби дәстүрлердің өзара ықпалдастығын зерттеу компаративистикалық ізденістердің басты бағыты ретінде қарастырылады [5].

Әдістеме және зерттеу әдістері. Қалжан Нұрмахановтың ұлттық әдебиеттердің өзара байланысы негізінде жүргізген зерттеулері жазушының шығармашылық шеберлігін арттыру мен қоршаған шындықты жаңа жанрлық формаларды бейнелеу үшін басқа халықтардың көркемдік тәжірибесіне қанығу, олардың шығармашылықтағы негізгі бағыттарын түсіну және жаңашыл ізденістерін бағалау қажет екендігін айқындады.

Мақаланың әдіснамалық негізін қазақ және әлем әдебиетінің тарихы мен теориясын, қазіргі әдеби үдерістерді зерттеуге арналған отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері құрайды.

Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи және компаративистік талдау әдістері қолданылып, қазақ пен украин халықтарының әдеби және тарихи-мәдени байланыстары жан-жақты қарастырылды.

Талқылау мен бақылау. Қалжан Нұрмаханов ұлттық көркемдік дәстүрлердің тек идеялар, әдеби типтер, көркем бейнелеу құралдарын ұстанатын суреткерлердің шығармашылық ізденістері нәтижесінде ғана байланысатынына жазушылардың назарын аудартады. Сонымен қатар дамып келе жатқан ұлттық дәстүрлер әрдайым әртүрлі ұлттық әдебиеттердің өзара байланысы мен өзара ықпалдасуының нәтижелерін қамтиды.

Қазақстандағы салыстырмалы әдебиеттанушылардың назарындағы тағы бір мәселе – әдеби байланыстар. Бұл категорияны қарастырас бұрын Рене Уэллек пен Остин Уорреннің пікірлеріне тоқтала кетейік. Олардың айтуынша, «салыстырмалы әдебиеттану» термині практикалық қолдануда, біріншіден, ауыз әдебиетін, әсіресе фольклорлық мотивтер мен олардың таралуын зерттеуді білдіруі мүмкін. Екіншіден, бұл термин екі немесе одан да көп әдебиеттер арасындағы зерттеуді білдіреді [6].

Әдетте әдеби байланыстарды зерттеу екі ұлттық әдебиеттің материалдары негізінде жүргізіледі және бұл зерттеу мынадай бағыттарды қамтиды: генетикалық әдеби байланыстар (сыртқы, ішкі, тікелей жанама байланыстар, ықпалдар және т.б.); типологиялық ұқсастық (қоғамдық-тарихи, әдеби және психологиялық алғышарттармен анықталатын ұқсастық, параллельдер), сонымен қатар ұлттық әдебиеттің өзіндік ерешеліктері мен айырым белгілерін анықтау.

Басқаша айтатын болсақ, салыстырмалы әдебиеттану – қазіргі таңда қазақ әдебиетіне ерекше мүмкіндік беретін филология ғылымының негізгі саласы. Бұл сала қазақ әдебиетінің өзін танып, әлемдік көркем әдеби үдерістің контекстінде үйлесімді түрде орын алуына ықпал етеді, сонымен қатар оның дамуындағы әмбебап және ұлттық ерекшеліктерді айқындауға септігін тигізеді. Оларды тиімді пайдалану арқылы қазақ әдебиетінің әлем әдебиетіндегі беделін нығайтуға және ұлттық сана-сезімді күшейтуге мүмкіндік береді [7]. Өкінішке орай, Қ. Нұрмахановтың кең ауқымды қызметі оны салыстырмалы әдебиеттануды терең зерттеп, дамытуға толықтай арнауға мүмкіндік бермеді. Дегенмен,

оның аналитикалық шығармашылығы әдеби компаративизм идеясының үнемі өзекті болып, жаңғыруымен сипатталады [8].

Қ. Нұрмаханов өз заманының әдеби сын үдерісін мұқият зерттеп, көптеген мақалаларын КСРО халықтарының әдебиет мәселелерін талдауға арнады, олардың ішінде ұлттық мәдениеттің өзара ықпалдасуы мен байланысы басты назарда болды. Ол қазақ, орыс, поляк, украин, өзбек, қырғыз баспасөздерінде жарық көрген көптеген шығармалардың авторы және аудармашысы ретінде танылды, кейін олар «Дос лебізі» [9], «Дәстүрлі достық» [10], «Литературные заметки» [11] атты кітаптарда жинақталды. Оның сыншыл және аударматанушылық қызметі республикада сыншыл ой мен аударма шеберлігінің кәсіби деңгейінің айтарлықтай жоғарылауына ықпал етті.

Қалжан Нұрмахановтың шығармашылық зерттеулері әрдайым туған халқының өнерімен тығыз байланысты болды. Ол қарастырған тақырыптарын жан-жақты талдап, материалдарды осы бағытта жинақтаған. Мәселен, Қалжан Нұрмаханов Т.Г. Шевченконың Қазақстандағы шығармашылық кезеңін зерттей отырып, украин ақынының қазақ халқының тұрмысынан шабыттанып, көптеген көркем туындылар жасағанын атап көрсеткен. Сыншының пікірінше, бұл суреттердің құндылығы олардың жан-жақтылығы, реализмге негізделген жоғары көркемдік деңгейі және революциялық-демократиялық идеяларында ғана емес, сондай-ақ қазақ халқының өмірі мен мәдениетін алғаш рет бейнелегенінде жатыр. Қалжан Нұрмаханов өзінің сыни ойларында тек өткен немесе қазіргі жағдайды объективті бағалап қана қоймай, көбінесе белгілі бір құбылыстың болашақтағы даму мүмкіндіктерін де айқындаған. Мысалы, ол Т.Г. Шевченконың қазақ халқы мен Қазақстан табиғаты туралы туындыларын болашақта арнайы зерттеу нысаны болуы қажеттігін айтады. Осылайша Қалжан Нұрмахановтың сыни тұрғыдағы көзқарасы құбылысты уақыт кеңістігінде объективті бағалап, оның болашақтағы даму әлеуетін болжаумен ерекшеленді [11].

Қазақ әдебиетіне қатысты Тарас Григорьевич Шевченконың пікірлерінің маңызы ерекше. «Казахско-украинские литературные связи» мақаласында сыншы Т.Г. Шевченконың қазақ халқының жоғары моральдық және рухани қасиеттеріне сүйсіне отырып жазғанын ерекше атап көрсетеді.

Николаев реакциясы дәуірінің көптеген оппозициялық қайраткерлері сынды Т.Г. Шевченко да өмірінің он жылын қазақ даласындағы айдауда өткізді. Белинский мен Чернышевский дәстүрінде тәрбиеленген революцияшыл ақын Шевченко айдауда жүрген жылдары қазақ халқына ерекше қызығушылық танытып, оның тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік-экономикалық жағдайын, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін, өнері мен ауыз әдебиетін зерттеді. Сонымен қатар ғалым ретінде ол этнографиялық бақылаулар жүргізіп, Қазақстан табиғатын зерттеумен айналысты.

Ұлы украин кобраздың қазақ халқы жайлы ой-пікірлері мен бақылаулары оның поэтикалық шығармаларында, хаттарында және күнделігінде айқын көрініс тапты. Бұл үзінділер Қ. Нұрмаханов тарапынан мұқият жинақталып, түсіндірмелермен толықтырылды.

«...Қазақ даласы ұлы ақынның поэзиясында айқын бейнеленді. 1847 жылдың жазында Орск бекінісіне жеткізілген кейін, ол «Думы моі, думы моі» атты өлеңінде былай деп жырлайды:

«Прилітайте, сизокрилі
Моі голубята,
Із-за Дніпра широкого
У степі погуляти
З киргизами убогими.
Вони вже убогі
уже год ... Та на волі
Ще моляться богу» [11].

Бұл өлеңде ұлы ақын қазақ халқының аянышты да мұңды өмірін терең жанашырлықпен суреттеп, оны украин шаруаларының ауыр тұрмысымен салыстырады.

...1848 жылдың көктемінде Шевченко Орск бекінісінде қазақ аңызының желісінде өзінің әйгілі «У бога за дверью лежала секира» атты өлеңін жазды. Өлең мазмұнында бірде қазақ есіктің артында жатқан балтаны Құдайдан ұрлап алып, оны орман кесуге пайдаланғаны айтылады. Кейіннен балта қазақтың қолынан шығып, өз бетінше ағаштарды шапқан. Сол кезде қазақ даласында жеті жылға созылған алапат өрт басталғаны айтылған. Бұл өлеңнің негізінде ақын Орталық Қазақстан қазақтарынан естіген аңыз жатқандығы анық. Шевченко суреттеген өрт – Кенасары Қасымов көтерілісінің аллегориялық көрінісі. Мұны ақынның өрт жайлаған аймақтарды нақты атап өтуі дәлелдейді:

«I стала тьма, од Уралу
Да до Тангиза, до Аралу
Кипіла в озерах вода,
Палають села, города,
Ридають люди, воють звірі,
Із-за Тобола, у Сибірі
В снігах ховаються...» [11].

Бұл үзіндіде ақын көтерілістің сипатын бейнелі түрде суреттеп, оны қазақ халқына көп қайғы мен қасірет әкелген алапат өртпен салыстырады. Өлең соңында қазақтар зиярат ететін, далада жалғыз тұрған алып ағаш бейнеленеді.

Нәтижелер. Ағаш образы ақынның қазақ ауыз әдебиетінен алынғаны анық байқалады. Мұндай бейне XIX және XX ғасырлардағы поэзияда да кездеседі. Қазақ аңыздары Т.Г. Шевченкоға өзінің ішкі сезімдері мен ойларын жеткізуге мүмкіндік берген. Бұл таңқаларлық жайт емес, себебі революциялық өлеңдері үшін айдалып, патша армиясында қызмет етуге мәжбүр болған, жазу мен сурет салу құқығынан айырылған саяси тұтқын Т.Г. Шевченко ойларын астарлы түрде, аңыздар мен әпсаналар арқылы жеткізуге мәжбүр болған. Ұлы украин ақыны өз өлеңдерінде, күнделіктерінде және суреттерінде қазақ халқының ауыр әрі қайғылы тағдырын бейнелеп, оларға жанашырлық танытты. Сонымен қатар ол қазақ халқын қанаған патшалық шенеуніктерге деген қатты өшпенділік сезімін жасырмады. Ақын өз көргендерін арнайы жоспарлаған «Сатрап и Дервиш» атты поэмасында көсерткісі келді. Алайда бұл ойы іске аспай қалды, бірақ Т.Г. Шевченко өз суреттерінде қазақтың әнші-домбырашы бейнесін бірнеше рет қайта бейнелеп, оны Дервиш ретінде суреттеуге ұмтылды [11].

Бұл үзіндіні толық келтіріп отырмыз, себебі Қ. Нұрмахановтың «Казахско-украинские литературные связи» атты мақаласы мен оның тұжырымдары қазақ өнерін өзге ұлт өкілдері арасында қабылдау және түсіну тұрғысынан зор маңызға ие. Мақала жазар алдында Қ. Нұрмаханов үнемі «контексті зерделеп», жан-жақты зерттеулер жүргізген. Мұндай кең ауқымды, жүйелі білім тек бір автордың шығармашылығын ғана емес, ұлттық немесе аймақтық мәдениеттің дамуын терең түсінуге мүмкіндік берген. Сол себепті оның әдебиеттану саласындағы талдауларында ешқашан қателік болмайтын.

Сыншының байқауы бойынша, украин ақыны қазақ халқын жақсырақ түсініп, олардың ұлттық болмасын ашу үшін қазақ фольклорына үңілген. Сондай-ақ сыншы Т.Г. Шевченконың қазақ аңызын таңдауы кездейсоқтық емес деп есептейді. Украин авторы белгілі бір мағыналық байланыстарды атап өтіп, украин және қазақ халықтарының танымдық ұқсастықтарын, ойлау ерекшеліктері мен дүниетанымдарындағы ортақ тұстарды көрсетуге тырысқан.

Украин жазушылары арасында қазақ халқы туралы ерекше шығармалар жазған Алексей Игнатьевич Десняк (Руденко) айрықша орын алады. Қалжан Нұрмахановтың пікірінше, А.И. Десняк Қазақстан тақырыбында бірнеше тамаша туынды жазған, олардың ішінде ең үздіктері «В гостях у Джамбула» атты очерк пен «Абай Кунанбаев» мақаласы. 1940 жылы А. Десняк Қазақстандағы Кеңес өкіметінің орнатылуына арналған тарихи повесть «Торгайский сокол» атты шығармасын жазды, онда қазақ халқының әлеуметтік және ұлттық азаттығы үшін күрескен Амангелді Имановтың бейнесі жасалған. Сыншы Қалжан Нұрмахановтың байқауынша, жазушы қазақ халқының өмірі, тұрмысы және

ұлттық ерекшеліктері жайлы терең әрі жан-жақты білімге ие болды. А. Десняк «Торгайский сокол» шығармасында украин және қазақ халықтарының достығын дәріптеп, екі халықты халықаралық бірлікке шақырған [11].

Қазақ және украин халықтарының достығы тақырыбы жазушы Олесь Донченко шығармашылығында да маңызды орын алады. Оның өмірі мен шығармашылығы Қазақстан халқымен тығыз байланыста болды.

Сыншының пікірінше, О. Донченко 30-жылдардың басында жазған «Аул Иргиз» повесінде қазақ халқының өміріне алғаш рет ден қойып, оларға ерекше ықылас танытады. Ол қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрлерін, ауыз әдебиетінің байлығын және Қазақстан табиғатын нақышына келтіріп, шынайы бейнелейді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында О. Донченко Қазақстанда тұрып, алдымен, «За большевистские темпы» газетінде әдеби қызметкер болып, кейіннен «Угольная магистраль» газетінде арнайы тілші болған. Осы жылдары ол көптеген мақалалар мен очерктер жазып, болашақ үлкен шығармалары үшін материал жинаған. Соғыс уақытындағы украин және қазақ халықтарының достығына арналған очерктері арасында «Дружба», «Письмо другу», «Сердце беркута» повесі мен «Карборундовый камень» романы бар [11].

Әлеуметтік контекст, социалистік пафос және идеологиялық интерпретация, сыншының өз қорытындыларын осы қағидаттар негізінде жасауы, XX ғасырдың 50-60-жылдары кеңінен тараған және міндетті болып табылған. Мұндай «дұрыс» түсініктемелерсіз сыни мақалалар жарияланбайтын, бұл кеңес цензурасының талабы еді. Алайда Қалжан Нұрмаханов кеңес идеологиясынан асып, тек сыртқы, стилистикалық көріністерін ғана сақтап, тереңірек әдеби талдау жасайды. Ол Украина мен Қазақстан арасындағы әдеби байланыстардың түпкі негізіне терең бойлайды.

Қалжан Нұрмаханов Абайдың, М. Әуезовтің шығармаларында украин халық әнін тыңдаған кездегі таңданысын сипаттайды. Абайдың ұлы Әбдірахман Санкт-Петербургтен демалысқа ауылға келгенде, осы әнді скрипкада ойнаған болатын. Сыншы Абайдың украин халық әндері негізінде шығарған музыкалық шығармаларын мысалға келтіріп, бұл әндерді қазақ халқы ерекше ықыласпен қабылдағанын көрсетеді. Осылайша, сыншы қорытындылай келе, «эта связь и идейно-художественное воздействие украинской культуры на казахскую имеют столетнюю историю» [11], - дейді.

Әдебиет сыншысы Қалжан Нұрмаханов Жамбыл Жабаевтың шығармашылығын талдай отырып, украинның ұлы ақыны Павло Тычинаға арналған өлеңі мен 1939 жылы жазылған «Тарас» өлеңіне айрықша мән береді. Жамбыл былайша жырлаған:

«Слушал я звонкий запев соловьиный,
Слушал я песни твои, Украина.
В степи летали они по утрам,
Плыли, как лебедь, по водам Днепра.
Песни твои, мой любимый Тарас,
Вместе с народом я слушал не раз;
Горы склонялись, и степи внимали
Голосу гнева, страданий, печали» [11].

Қазақ ақыны украин кеңес әдебиетінің көрнекті өкілдерін жақсы танып, Т.Г. Шевченконың өмірі мен шығармашылығын терең түсінген. Қалжан Нұрмаханов украин халқына арналған өлеңдерді, сондай-ақ Қазақстанның ақындары Ж. Саин, Ө. Сәрсенбаев, Ж. Молдағалиев поэзиясы мен прозаиктер М. Әуезов, Ғ. Мұстафин, Ғ. Мүсіреповтің туындыларын да ерекше назарға алған.

Кеңестік жүйемен байланысты көптеген теріс пікірлерге қарамастан, сол кезеңде оң өзгерістер де орын алды. Соның ішінде көршілес ұлттар мәдениеті өзара байланысып, қазақ мәдениетінің аймақтық шектеулерден біртіндеп шығып, КСРО құрамындағы түрлі халықтардың әдебиетімен танысуы ерекше маңызды болды.

Сол кезеңде Қалжан Нұрмаханов ұлттық әдебиеттер арасындағы өзара байланыстардың қарқынды даму үдерісінде жазушы, аудармашы және әдеби сыншының атқаратын рөлін

анықтай отырып, 3 негізгі аспектіні ерекше атап өтті: 1) жазушы шығармаларының жеке байланыстарының өзіндік ерекшеліктері; 2) олардың басқа жазушылардың ұстанымдары контекстіндегі орны; 3) жазушының әдебиеттерді байланыстыруға шығармашылық ықпалының сипаты [12].

Мәдени өзара ықпалдастықтың негізгі бағыттары белгілі бір әдебиеттер арасындағы қатынастардың ерекшеліктеріне, табиғатына және олардың даму шарттарына байланысты өрбиді.

Қорытынды. Әдебиет сыншысы Қалжан Нұрмаханов аударма теориясы мен практикасына қатысты өзекті мәселелерді шешуден тыс қалмады. Оның әдеби шығармашылығының әртүрлі қырларының ішінде әдеби-аударма қызметі ерекше орын алады.

Әдебиетаралық интернационалдық байланыстар жеке құбылыстар арқылы жүзеге асады: жазушылардың өзара оң қарым-қатынасы, аударма тәжірибесінің ұлттық ерекшеліктеріне сай бейімделуі, өз халқының рухани өміріне басқа мәдени құндылықтарды енгізу қажеттілігі, сондай-ақ аударма қызметінің нәтижелерін ұлттың мәдени мұрасына қосу. Басқа әдебиеттердің эстетикалық тәжірибесіне көңіл бөлу қажеттілігі ұлттық әдебиеттің дамуының ішкі заңдылықтарына байланысты болады және әр тарихи кезеңде әртүрлі формада көрінеді [13].

Компаративистердің пікірінше, аударма үдерісі – бұл мәтіннің бір мәдениеттен екінші мәдениетке, бір әдеби жүйеден екінші әдеби жүйеге ауысуы, оны жаңа контексте енгізу. Аудармадағы басты мақсат – әдеби байланыстарды орнату мен әдебиеттерді жақындату, ал аудармашы тек тіл мен мәдениетаралық делдал ғана емес, мәтінмен жұмыс істей отырып, оны өз көзқарасымен түсіндіріп, ерекше сыншы рөлін атқарады [14].

Қалжан Нұрмахановтың әдеби сыншы ретінде кәсіби интуициясы жоғары болған. Ол түпнұсқаның ішкі мәніне үңіліп, сөздердің стилистикалық мәнін және реңктерін дәл тауып, оларды өз тілінде дәл бейнелеуге тырысты. Мысалы, ол украин жазушысы Иван Рябоклячтың «Золототысячник» атты повесін қуана аударды [15].

Аудармашы өз ана тілін жетік білуі тиіс, себебі ол бөтен тілмен үнемі байланыста болады. Тілдің дамуы оның ішкі мүмкіндіктері арқылы, яғни шет тілдердің формаларын көшірумен емес, тілдің өз формалары мен нюанстарын түсіну арқылы жүзеге асады.

Ана тілінде ойлауға дағдыланған адам мәдениеттің тек жартысын ғана бойына сіңіреді. Аудармашы үшін мәтіннің ұлттық ерекшелігін жеткізу қиындық туғызады. Бұл мақсатқа идиомаларды, жергілікті терминдерді және ұлттық тұрмыс ерекшеліктерін көрсететін сөздермен жұмыс істеу арқылы жетуге болады. Кейде шет тілінің синтаксисі мен интонациясын тек ұқыпты және тактикалық тұрғыдан беру талап етіледі.

Аудармашы шет тіліндегі сөздер мен тіркестерді қолдануға мәжбүр болады, бірақ оны екі түрлі қырынан қарастыру қажет: бір жағынан, стильдік ерекшеліктерді жеткізу тәсілі, екінші жағынан, ұлттық ерекшелікті көрсету құралы. Бұл түпнұсқаның ұлттық ерекшеліктеріне толық бейімделу немесе оны сөзбе-сөз көшіру арқылы емес, шынайы үйлесімділікке қол жеткізу арқылы іске асады: қажетсіз шындықтарды шамадан тыс қосу оқырманды түпнұсқаға жақындатудың орнына, керісінше, одан алыстатып, түсінікті қиындатады. Мәтіннің ұлттық ерекшелігін бұзбай, тек оның құрылымын айқындай отырып, түпнұсқаны сақтап көрсету өте маңызды.

Сонымен, Қалжан Нұрмахановтың әдеби-сын еңбектерінде Қазақстан мен Украина халықтарының ортақ идеялық және көркемдік байланыстары кеңінен қамтылып, олардың шынайы достығы мен мәдени байланыстардың жақындасуы жан-жақты әрі дәйекті түрде бейнеленген.

Әдебиеттер

1. Ауэзов М.О. Мысли разных лет. – Алма-Ата: Казахское государственное издательство художественной литературы, 1961. – С. 29-34.
2. Нурмаханов К. Традиции нерушимой дружбы // Литературные заметки: Сборник критич. и литературных заметок. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1961. – С. 105-114.
3. Pageaux D.-H. La literature generale et comparee. – Paris: Colin, 1994. – 192 p.
4. Daurenbekova L.N., Zhumatayeva Z.N., Kartayeva A.M., Bekenova G.S., Nurlanova A.N. The first educational directions and issues of literary translation in the Kazakh steppe // Cadernos De Tradução 2024, 44(1). – P. 1-12. DOI: <https://doi.org/10.5007/2175-7968.2024.e95583>.
5. Catford J. C. Linguistic Theory of Translation. – Oxford: Univ Press, 1965. – 103 p.
6. Уоолек Р., Уоррен О. Теория литературы. – М.: Прогресс, 1978. – 67 с.
7. Джуанышбеков Н.О. Проблемы современного сравнительного литературоведения. – Алматы: КазГУ, 2000. – 287 с.
8. Нұрмаханова М.Қ., Мұсалы Л.Ж. XX ғасырдың 50-60 жылдарындағы Қазақстандағы балалар әдебиеті (белгілі сыншы Қалжан Нұрмахановтың жазбалары бойынша) // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2019. – № 4 (176). – Б. 60-65. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh-2019-4-ph8>.
9. Нұрмаханов Қ. Дос лебізі. – Алматы: Жазушы, 1962. – 210 б.
10. Нұрмаханов Қ. Дәстүрлі достық. – Алматы: Жазушы, 1978. – 204 б.
11. Нурмаханов К. Украинско-казахские литературные связи // Литературные заметки: Сборник критич. и литературных заметок. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1961. – С. 115-131.
12. Нұрмаханов Қ. Сын дәлелді де дәл болсын // Қазақ әдебиеті. № 32. 17 тамыз. – 1962. – Б. 3.
13. Дауренбекова Л.Н. Ш.Айтматов әңгімелері Қ. Нұрмахановтың аудармасында // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – 2013. – №2 (156). – Б. 225-232.
14. Нұрмаханов Қ. Аударма саласы жоғары болсын // Жұлдыз. № 7. – 1960. – 155 б.
15. Рябокляч И.А. Золототысячник. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1951. – 151 б.

М.К. НУРМАХАНОВА, З.С. СОВЕТОВА

Алматинский университет энергетики и связи имени Гумарбека Даукеева,
Алматы, Казахстан

Л.Ж. МУСАЛЫ

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

КАЗАХСКО-УКРАИНСКИЕ ЛИТЕРАТУРНЫЕ СВЯЗИ В ОЦЕНКЕ ИЗВЕСТНОГО КРИТИКА КАЛЖАНА НУРМАХАНОВА

Аннотация. В статье рассматривается литературная деятельность известного критика, драматурга, переводчика Калжана Нурмаханова, который умело коррелировал свои эстетико-теоретические поиски с социальными требованиями времени. Калжан Нурмаханов много писал о влиянии казахской литературы на произведения украинских писателей, рассматривал процессы взаимообогащения казахской и украинской литературы, пропагандировал на всесоюзной арене лучшие образцы украинской литературы.

Отмечается главное качество критика и литературоведа – единство истории и современности в анализе насущных, злободневных литературных задач. Современный литературный процесс исследовался критиком не изолированно, а в тесной связи с достижениями украинской и казахской культур. Благодаря тонкому соединению критической рецензии и очерка биографии, элементов литературного портрета, критику удавалось наиболее полно проследить логику эволюции творчества украинских писателей.

Дан краткий анализ сравнительному литературоведению как самой актуальной отрасли филологической науки, которая предоставляет уникальный шанс казахской литературе, а именно: способствует более точному самоопределению и органичному вхождению в контекст мирового художественного процесса, помогает повысить авторитет казахской литературы в рамках всемирной литературы.

Ключевые слова: взаимообогащение, взаимовлияние казахской и украинской литературы, критическая рецензия, художественный процесс, сравнительное литературоведение, всемирная литература.

M.K. NURMAKHANOVA, Z.S. SOVETOVA

Almaty University of Power Engineering and Telecommunications named after Gumarbek Daukeyev, Almaty, Kazakhstan

L.Zh. MUSALY

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

KAZAKH-UKRAINIAN LITERARY RELATIONS IN THE VIEW OF RENOWNED CRITIC KALZHAN NURMAKHANOV

Annotation. This article examines the literary contributions of the renowned critic, playwright, and translator Kalzhan Nurmakhanov. He adeptly aligned his aesthetic and theoretical explorations with the sociocultural demands of his time. Nurmakhanov extensively analyzed the influence of Kazakh literature on Ukrainian writers and explored the dynamic interactions between the two literary traditions. He emphasized the processes of mutual enrichment between Kazakh and Ukrainian literature, actively promoting the finest examples of Ukrainian literature on the all-Union stage.

A defining characteristic of Nurmakhanov's critical and literary approach was his ability to integrate historical context with contemporary relevance in addressing pressing literary issues. His analysis of the modern literary process was not isolated but intricately connected to the cultural achievements of both Ukrainian and Kazakh traditions. Through a nuanced blend of critical review, biographical sketch, and elements of literary portraiture, Nurmakhanov comprehensively traced the evolution of Ukrainian writers' creative trajectories.

The article also provides a concise analysis of comparative literature as a pivotal branch of philological science. This field offers significant opportunities for Kazakh literature, including a clearer articulation of its identity and an organic integration into the global literary discourse. Furthermore, it facilitates the elevation of Kazakh literature's stature within the framework of world literature.

Keywords: mutual enrichment, mutual influence of Kazakh and Ukrainian literature, literary criticism, artistic process, comparative literature, world literature.

References

1. Auezov M.O. Mysli raznyh let. – Alma-Ata: Kazahskoe gosudarstvennoe izdatelstvo hudojestvennoi literatury, 1961. – S. 29-34.
2. Nurmahanov K. Tradisii nerušimoi drujby // Literaturnye zametki: Sbornik kritich. i literaturnyh zametok. – Alma-Ata: Kazgoslitizdat, 1961. – S. 105-114.
3. Pageaux D.-H. La literature generale et comparee. – Paris: colin, 1994. – 192 p.
4. Daurenbekova L.N., Zhumatayeva Z.N., Kartayeva A.M., Bekenova G.S., Nurlanova A.N. The first educational directions and issues of literary translation in the Kazakh steppe // Cadernos De Tradução 2024, 44(1). – P. 1-12. DOI: <https://doi.org/10.5007/2175-7968.2024.e95583>.
5. Catford J. C. Linguistic Theory of Translation. – Oxford: Univ Press, 1965. – 103 p.
6. Uoolek R., Uorren O. Teoria literatury. – M.: Progres, 1978. – 67 s.
7. Juanyşbekov N.O. Problemy sovremennogo sravnitel'nogo literaturovedenia. – Almaty: KazGU, 2000. – 287 s.

8. Nürmahanova M.Q., Mūsaly L.J. HH ғасырдың 50-60 жылдарындағы Қазақстандағы балалар әдебиеті (belgili synsy Qaljan Nürmahanovtyñ jazbalary boiynsa) // Äl-Farabi atyndaғы Qazaq ultiq universitetiniñ Habarşysy. Filologia seriasy. – 2019. – № 4 (176). – Б. 60-65. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh-2019-4-ph8>.
9. Nürmahanov Q. Dos leбіzi. – Almaty: Jazuşy, 1962. – 210 b.
10. Nürmahanov Q. Dästürlı dostyq. – Almaty: Jazuşy, 1978. – 204 b.
11. Nurmahanov K. Ukrainsko-kazahskie literaturnye sväzi // Literaturnye zametki: Sbornik kritich. i literaturnyh zametok. – Alma-Ata: Kazgoslitizdat, 1961. – S. 115-131.
12. Nürmahanov Q. Syn дәleldı de дәl bolsyn // Qazaq әdebiety. № 32. 17 tamyz. – 1962. – B. 3.
13. Daurenbekova L.N. Ş.Aitmatov äñgimeleri Q. Nürmahanovtyñ audarmasynda // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ habarşysy. – 2013. – №2 (156). – 225-232 bb.
14. Nürmahanov Q. Audarma salasy joғary bolsyn // Jüldyz. № 7. – 1960. – 155 b.
15. Răboklăch İ.A. Zolototysăchnik. – Almaty: Qazaqtyñ memlekettik körkem әdebiyet baspasy, 1951. – 151 b.

Авторлар туралы мәлімет:

Нұрмаханова Маржан Қалжанқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан.

Нұрмаханова Маржан Калжановна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Алматинского университета энергетике и связи имени Гумарбека Дәукеева, Алматы, Казахстан.

Nurmakhanova Marzhan Kalzhanvna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of Almaty University of Power Engineering and Telecommunications named after Gumarbek Daukeyev, Almaty, Kazakhstan.

Мұсалы Ләйла Жұматайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан.

Мусалы Лайла Жуматайқызы – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Mussaly Laila Zhumataikyzy – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Советова Зәуре Советқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің қауымдастырылған профессор, Алматы, Қазақстан.

Советова Зәуре Советовна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Алматинского университета энергетике и связи имени Гумарбека Дәукеева, Алматы, Казахстан.

Sovetova Zauze Sovetovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of Almaty University of Power Engineering and Telecommunications named after Gumarbek Daukeyev, Almaty, Kazakhstan.